





Дидактика – педагогикалық маңызды саласы.

Дидактика (didaktikos – оқытушы, didasko – оқушы) ұғымы грек тілінен алынған, оқыту немесе үйрету деген сөз.


Бұл ұғымды ғылыми айналымға алғаш енгізген неміс педагогы Вольфганг Ратке (1571–1635).





Сол мағынада бұл ұғымды чех педагогы Я.А. Коменский пайдаланып, 1657 жылы өзінің “Ұлы дидактика” еңбегін жарыққа шығарады. **Дидактика** – білім беру мен оқыту мәселелерін зерттейтін ғылым саласы. Ол оқыту теориясы деп те аталады. **Дидактиканың зерттеу пәні** – оқыту мен оқудың себептері, барысы, нәтижелері

Оқыту теориясының негізін қалаушылар,
үлес қосқан ғалымдар :



Оқыту- оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс әрекет.

Дидактиканың міндеті-білім мазмұнын, оқыту әдістерін және оқытуды ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Дидактика




Вольфганг Ратке
(1571-1635)

Курс лекций
«Краткий отчет из
дидактики, или
Искусство
обучения Ратихия»

Греч.

«didaktikos» -
поучающий
«didasko» -
изучающий



Ян Амос Коменский
(1592-1670)

«Великая дидактика,
представляющая
универсальное
искусство обучения
всех всему» (1967)

Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай оқушыларды нақты фактілермен, қағида және түсініктермен, заңдылықтармен қаруландыруды қамтамасыз етсе, екіншіден солардың негізінде, айналасындағы әр түрлі құбылыстарға олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру.





Оқыту процесі – білімді, біліктілік пен дағдыны меңгеретін, оқушылардың дүниетанымын, күш қайратын, қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс–әрекет барысы.


Екі жақты процесс болғандықтан, мұғалім мен оқушылардың бірлескен

Іс-әрекетін, мұғалім тарапынан оқушы іс-әрекетіне басшылық етуді, жоспарлауды, ұйымдастыруды Басқаруды талап етеді.



Оқытудың маңызды міндеттері

- ❖ Оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру. 
- ❖ Оқушылардың ғылыми білім, іскерлік дағдыларды меңгеруіне керекті оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру. 
- ❖ Ақыл-ойды, ұғымталдықты, қабілетті,
- ❖ дарындылықты дамыту.



Дамыта оқытудың жүйесі



Дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді.

Дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады.

Оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті.



Дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.

